

## Благодар ауылдық округінің Бекқұл баба ауылы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Благодар ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 6 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 шілдеде № 4977 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Благодар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Благодар ауылдық округі әкімінің 14.04.2017 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитарлық инспекторының 2016 жылғы 23 мамырдағы № 5-2/286 санды ұсынысы негізінде Благодар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Благодар ауылдық округінің Бекқұл баба ауылы аумағына ірі мүйізді қара малдарының арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Благодар ауылдық округінің әкімі*

*Б. Дарин*